

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім болімі»
мемлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебінің» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің**

№3 хаттамасы

27 қыркүйек 2024 ж.

Ойыл ауданы

Қатысқандар саны - 20 адам

Шақырылғандар: - 10 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1.«Құрман орта мектебі» КММ директоры Н. Ж. Таушанованаң мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тындау.

ТЫНДАЛДЫ:

1. А. И.Омирғалиев- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бұтінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Құрман орта мектебінде 2024 жылдың 27 тамыз – 25 қыркүйек аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Н. Ж. Таушановаға берді.

Сейлеуші:

Н. Ж. Таушанова -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру үйимдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2-тармақшаларына сәйкес Н. Ж. Таушанова кезектен тыс өткізілген №3 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 26 тамыз – 25 қыркүйек аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарының қызметін бағалауга арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парагы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жаксы» деген қорытынды берілді. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жараптандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасызы етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс

оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парагы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жаксы» деген корытынды берілді. (слайдпен бағалау парагы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Е.Шойынов қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санын арттыру керек екенін ескертті.


Мектеп директоры Н.Таушанова қойылған ескертулер бойынша алдағы уақытта жұмыстануды айтты.


Қамқоршылық кеңесінің тәрагасы А.И. Омирғалиев өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген корытындысын қолдайтындығын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларқ қолайлы жағдай жасау керектігін атап өтті.

Мектеп директоры бұл мәселенің күн тәртібінде тұрғандығын айтты.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тындалып, талқыланып
ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жаксы» деп бағалансын.

Кеңес тәрагасы:
Хатшы:  А.И. Омирғалиев
Э. Калдыгурова.

Кеңес мүшелері: 
Е. Шойынов
М. Омарова
Л. Муканов
С.Омар
Ниязов А
Кабиева С
Ертаев Н
Бисебаев Д